

2008 жылға арналған облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендиялар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 694 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңының 15-1-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2008 жылға арналған облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендиялар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларын уақтылы және мақсатты пайдалануды;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне есептіден кейінгі айдың 5-күніне дейін ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларының пайдаланылуы туралы тиісті есептер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 17 шілдедегі
N 694 қаулысымен

бекітілген

2008 жылға арналған облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендиялар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу

Р/с N №	Атауы	Сомасы, мың теңге		
		барлығы	оның ішінде	
			Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
1	2	3	4	5
	Барлығы	225 245	192 806	32 439
1.	Ақмола облысы	10 088	8 904	1 184
2.	Ақтөбе облысы	11 864	10 037	1 827
3.	Алматы облысы	9 817	8 821	996
4.	Атырау облысы	8 083	6 655	1 428
5.	Шығыс Қазақ- тан облысы	18 321	15 815	2 506
6.	Жамбыл облысы	14 902	11 995	2 907
7.	Батыс Қазақс- тан облысы	10 365	8 162	2 203
8.	Қарағанды облысы	24 226	21 869	2 357
9.	Қостанай облысы	15 675	14 268	1 407
10.	Қызылорда облысы	10 488	8 119	2 369
11.	Маңғыстау облысы	9 632	8 648	984
12.	Павлодар облысы	11 367	9 829	1 538
13.	Солтүстік Қа- зақстан облысы	9 590	8 728	862
14.	Оңтүстік Қа- зақстан облысы	26 549	21 694	4 855
15.	Алматы қаласы	19 891	18 264	1 627
16.	Астана қаласы	14 387	10 998	3 389